

Әуликөл ауданында 2013 жылға халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 359 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда № 3982 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 2) тармақшасына, 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 30.09.2013 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Әуликөл ауданында 2013 жылға жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтары белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р.С. Нұрғалиев жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

" Ә у л и е к ө л а у д а н ы н ы ң
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р
б ө л і м і " М М б а с т ы ғ ы н ы ң
м і н д е т т е р і н а т қ а р у ш ы

_____ Дангилов С.С.

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы

11

желтоқсандағы

№ 359 қаулысына қосымша

**Әуликөл ауданында 2013 жылға
жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін
халықтың нысаналы топтары**

1. Табысы аз адамдар.
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар.
5. Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар.
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуына екі жыл қалған).
7. Мүгедектер.
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.
10. Оралмандар.
11. Жоғары және жоғары оқу орныннан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.
12. Жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар.
13. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.
14. Техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.
15. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген азаматтар (бір жылдан артық).
16. Бұрын жұмыс істемеген жұмыссыздар (жұмыс өтілі жоқ).
17. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.